



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚҰРМЕТТІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Баршаңызды Ұлттық басылым күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сонау 1913 жылы, дәл осы күні еліміздің баспасөз саласының бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Халқымыздың біртуар перзенттері – Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сәттерде ұлтты ұйыстыруға айрықша ықпал етті. Сөз бостандығына адалдығынан айнымаған басылымдар әрдайым шынайы ақпараттың және сапалы сараптаманың қайнар көзі болып қала береді. Газет-журналдар замана тынысын дөп басып, мемлекет пен қоғамдағы қордаланған мәселелерді көтереді, түрлі көзқарастағы ой-пікірлерді жарыққа шығарады. Сондай-ақ жалпы адамзатқа ортақ ізгі құндылықтарды дәріптейді. Баспасөз қызметкерлері кәсіби біліктіліктің, отаншылдық пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді. Біздің басылымдарымыз халықтың бірлігін нығайтуға атсалысып, Әділетті Қазақстанды құру ісіне елеулі үлес қоса береді деп сенемін.

№14
(4602)
Сенбі
3 ақпан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

3

ЕРІКТІЛЕРІ КӨП ЕЛОРДА

Астанада 6 мыңнан аса белсенді волонтер бар. 2020 жылы пандемия кезінде елордада еріктілер қатары күрт көбейді. Көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беруге, қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қолдау көрсетуге, әсіресе, жастар жағы белсенділік танытып келеді.

АСТАНАЛЫҚТАР ҰЗАҚ ЖАСАЙДЫ

Елімізде Астана тұрғындарының өмір сүру ұзақтығы бойынша ең жоғарғы көрсеткішке ие. Елордалықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 73 жас 3 ай болды. Бұл жөнінде Денсаулық сақтау министрлігі мен Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бірлескен брифингінде жарияланды.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова елордада қабылданып жатқан іс-шаралардың арқасында негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер жақсарғанын, жалпы өлім-жітімнің 4,5 пайызға төмендегенін айтты. Елордада медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. 2023 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен

1 300-ге жуық дәрігер мен орта медицина қызметкері оқытылды. Қала бойынша 151 мыңға жуық пациент тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Мыңнан аса жаңа медициналық техника сатып алынды. Осы бағыттағы жұмыс биыл да жалғасады.

Астананың медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында қосымша 14 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланған.



«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша 18 жасқа дейінгі 6 919 131 баланың арнайы шоттарына 100,52 доллар бөлінді.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН – БАЛАЛАРҒА

Биылдан бастап Ұлттық қорға түсетін инвестициялық табыстың тең жартысы балалар шотына аударылып отырады. Бұл сома жыл сайын Ұлттық қор активтерінің өсуі мен инвестициялық кірісіне байланысты өзгеріп отырады.

Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны – 6 919 131 бала. Оның ішінде 304 815 қатысушы 2024 жылы 18 жасқа толады. Олардың барлығына өткен жыл үшін Қазақстанның Ұлттық қорынан 100 АҚШ доллары және 52 центі мөлшерінде бірдей сома есептелді.

«Жыл сайын бұл сома Ұлттық қор активтерінің өсуі және инвестициялық кіріс алу есебінен ұлғайып отырады. Бұдан бөлек, есептелген қаражат Ұлттық қордың валюталық активтерінің құрамында инвестициялануын жалғастырады және бағдарламаға қатысушы балаларға олар 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс әкеледі» делінген хабарламада.



РЕФОРМАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады. Мемлекет басшысына Жоғарғы сот кеңесінің 2023 жылы атқарған қызметінің қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының қазіргі жай-күйі және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Денис Шипптің айтуынша, Кеңес былтыр Мемлекет басшысы жүктеген бірқатар міндетті жүзеге асырған. Атап айтқанда, Жоғарғы сот кеңесін институционалдық тұрғыда күшейту және судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттіктерін уақытша тоқтату немесе мүлде тоқтату мәселелерін аталған органның құзыретіне беру жұмыстары атқарылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Кеңестің судьяларды іріктеу тәртібін жетілдіру, ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде жаңадан тағайындалған судьялардың қатарын көбейту үрдісі

сақталып отыр. Былтыр судья лауазымына алғаш рет ұсынған азаматтардың саны сот жүйесінен кеткендерге қарағанда 32 адамға артық болды. Гендерлік тұрғыдан әйел судьялардың саны ер адамдармен салыстырғанда 172 адамға көп. Судьялардың орташа жас мөлшері – 46 жас, ал еңбек өтілі – 13 жыл.

Іріктеу барысында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін конкурс рәсімдерін онлайн-трансляция жасау және оның қорытындысы туралы егжей-тегжейлі түсініктеме беру тәжірибесі алғаш рет енгізілді. Сонымен қатар өткен жылы Парламент Сенатының қарауына енгізу үшін Мемлекет басшысына Жоғарғы сот судьяларының лауазымына

үміткерлер тізімі бірінші рет балама негізде ұсынылды.

Бұдан бөлек, аудандық сот төрағаларын сайлау тәртібіне жаңа элементтердің енгізілуіне байланысты Президентке судья лауазымы үшін кадрлық резерв жасақтау институтының рөлі күшейтілгені жөнінде ақпарат берілді. Қазіргі таңда шешім шығару барысында судьялардың заңды өрескел бұзғаны үшін күші жойылған әрбір сот актісін сот жюриінің тексеру механизмін заң жүзінде енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге және оларды сапалы түрде іріктеуге бағытталған реформаларды тиімді жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

ТӨЛЕМ ТАБЫСҚА ҚАРАЙ ӨСЕДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары біртіндеп орындалып жатқанын мәлімдеді. «Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау алдындағы бағдарламасында айтылған негізгі бастаманың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іс жүзінде жүзеге асырылып, балаларымыздың есеп-шотына Ұлттық қордан төлемдер түсе бастады.

Қаражаттың төлену тәсілдері туралы Үкімет пен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдері егжей-тегжей түсіндірді. Алдағы уақытта бұл төлем Ұлттық қор активтерінің еселенуіне және қосымша инвестициялық табыстың артуына

байланысты ұлғаятын болады» деп жазды Е.Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ ол Мәжіліс кеше әйелдердің құқықтарын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң жобасын жұмысқа

қабылданғанын жеткізді. «Бұл құжатты депутаттар тұрмыстық зорлық-зомбылық және педофилия үшін жауапкершілікті күшейту туралы Мемлекет басшысының бастамасына сәйкес әзірлеген болатын» деп түсіндірді Мемлекеттік кеңесші.

ҚАЗЫНАҒА 1 ТРЛН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Елден заңсыз шығарылған қаржыны қайтару басталғалы бері 1 трлн теңге қазынаға қайтарылған.



Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне қарайтын Ірі салық төлеушілер департаментінің

директоры Инкар Елубай хабарлаған соңғы деректерге сәйкес, 2 мыңнан астам азамат қазынаға жақын арада

2,967 млрд теңге қайтаруы керек. Алайда Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек әлі де офшорларда 45 млрд доллар қаржы жасырылғанын мәлімдеді. Жалпы заңсыз активтерді қайтару науқаны 2023 жылдың шілдесінде Мемлекет басшысы Заңсыз сатып алынған активтерді қайтару туралы Заңға қол қойған сәтінен басталды. Президенттің Жарлығымен өткен жылдың 5 қазанында Бас прокуратураның активтерді қайтару жөніндегі комитеті құрылып, бұл құрылым активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган деп бекітілді.

КӨЛІК-ТРАНЗИТ ӘЛЕУЕТІ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады. Президентке ұлттық компания қызметінің 2023 жылғы негізгі нәтижесі және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы есеп берілді.

Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, соңғы үш жылда «Қазақстан теміржолының» негізгі өндірістік көрсеткіштерінде өсім байқалады. Былтыр жүк айналымы 7 пайызға артып, 270 миллиард тонна-километрге жетті. Транзиттік тасымалдау көлемі 18 пайызға ұлғайып, 27 миллион тоннадан асты. Нәтижесінде компанияның кірісі өткен жылмен салыстырғанда 29,3 пайызға өсіп, 1,9 триллион теңгені құрады. Компания 154 миллиард теңге таза пайда тапты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда төрт есе көп әрі компанияның рекордтық көрсеткіші саналады.

Президентке Достық – Мой-

ынты, Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісін салу және басқа да ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы туралы баяндалды. Бүгінгі таңда 350 шақырымнан астам жол төселген. Аталған жобалардың іске қосылуы мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін арттырады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сиань қаласындағы құрғақ портта жүк терминалының құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді. Қытайдың ең ірі логистикалық хабында орналасқан бұл терминал елімізге қарай жүктердің тұрақты тасымалдануын қамтамасыз етеді және

отандық экспорттаушылар үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады.

Әлемдік Huawei, Wabtec және PSA секілді жетекші компаниялармен бірге «Ақылды теміржол» жобасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа шешімдердің енгізілуі теміржолдың өткізу қабілетін ұлғайтуға, отын шығынын азайтуға және пойыздардың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның инвестициялық жобаларын іске асыру маңызды екенін атап өтіп, еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту мәселесіне баса назар аударды.

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары аудиторлық палата төрағасы Наталья Годунованы қабылдады. Мемлекет басшысына Жоғары аудиторлық палатаның былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды.

Наталья Годунованың айтуынша, есеп беріліп отырған кезең ішінде 19,5 триллион теңгеге жуық бюджет қаржысы бойынша 208 нысанға 20 аудиторлық тексеріс жүргізілгенін жеткізді.

Сонымен қатар Президентке өткен жылдың 4-тоқсанында аяқталған жеке-кеңес аудиторлық тексеру жұмыстарының қорытындысы жөнінде мәлімет берілді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт

Тоқаев мемлекет ресурсының жұмсалыу тиімділігін одан әрі арттыруға, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның жаңа өкілеттіктерін іске асыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА ЕНГІЗІЛЕДІ

Түркия Республикасына жұмыс сапарынан кейін елордалық мәслихат Астана әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен цифрландыру саласындағы көшбасшы – «AKGUN» түрік компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қоюдың бастамашысы болды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Қол қойылған құжат медициналық мекемелерді Автоматтандыру және цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты, компанияның елордалық емханаларға инновациялық жетістіктерін енгізуді, дәрігерлер арасында тәжірибе алмасуды, сондай-ақ жабдықтарды кеңейту мен жаңғыртуды, медициналық персоналды қаржылық ынталандыруды жақсартуды көздейді. Қанатқақты жоба №2 қалалық көпсалалы аурухана базасында енгізілетін болады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ҚҰРЫЛАДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов ЕАЭО елдеріне технологиялық шешімдер, патенттер мен инновациялық идеялар алмасу үшін бірыңғай цифрлық платформа құруды ұсынды.

«Біз жасанды интеллект саласындағы зерттеулерді бірлесіп жүргізуге және деректерді өңдеп, талдау үшін қажетті ортақ инфрақұрылымды құруға дайынбыз. Сондай-ақ біз өз жобаларымызбен және тәжірибемізбен бөлісуге әзірміз. Технологиялық шешімдер,

патенттер мен инновациялық идеялармен алмасу үшін бірыңғай цифрлық платформа құруды ұсынамыз» деді Әлихан Смайылов Digital Forum: Industry X» цифрлық форумында.

Үкімет басшысының айтуынша, бұл елдер арасындағы

өзара іс-қимылды жақсартып, аймақтағы кәсіпкерлер мен зерттеушілерге соңғы технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұған дейін ол Қазақстанда «қолжетімді интернет» ұлттық жобасы қабылданғанын айтқан болатын.

ЕРІКТІЛЕРІ КӨП ЕЛОРДА



(Соңы. Басы 1-бетте)

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде «Игі істер марафоны» жобасындағы еріктілердің рөлі туралы Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ыбыраев айтып берді.

2014 жылдан бері «Астана жастары»

Жастар-ресурстық орталығының волонтерлік қозғалысты дамыту бөлімі волонтерлік қызметті дамыту және насихаттау, оларды оқытумен айналысады, волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстарға әкімшілік және ресурстық көмек көрсетеді.

2020 жылдан бері «Астана жастары» базасында қалалық волонтерлер штабы

қызмет атқаруда. Штапта 6 мыңнан астам белсенді волонтер бар. Жыл сайын «Астана жастары» орталығы волонтерлік бағыттарын кеңейтуде. Осылайша, 2023 жылы «Қауіпсіз қала» жобасы аясында волонтерлер түрлі бағытта ақпараттық түсіндіру жұмыстарына жұмылдырылды.

«Таза Алем» жобасы аясында волонтерлердің қатысуымен 45 эко-сенбілік ұйымдастырылды. Сонымен қатар, волонтерлер қалалық және халықаралық іс-шараларға да тартылады. Мәселен, 2023 жылы халықаралық және республика деңгейінде өткен 150 шараға атсалысты. «Игі істер марафоны» және «Қамқорлық мекенжайы» жобасы аясында «Астана жастары» волонтерлерімен 40 жалғызбасты зейнеткерлердің ауласы қардан және қоқыстан тазартылып, ретке келтірілді. Аталған акциялар тұрақты және жүйелі түрде өткізіледі.

Астана қаласының жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының айтуынша волонтерлік – ерікті жұмыс, адамдар айналасындағылардың игілігі үшін еңбек етіп, көмектеседі. Жастар да уақыттарын тиімді өткізуге, жаңа достар табуға, қоғамдық өмірге қатысуға ұмтылады.

Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес, 1 наурыздан өңірлерде кадрлық резервке іріктеу басталады. Бұл туралы Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Өңірлік кадрлар іріктеледі

Жобаның негізгі мақсаты – жас басқарушылардың аймақтық пулдарын қалыптастыру және дарынды жастарды өңірлерді дамытуға тарту. Өңірлік резервке іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар азаматтар қатысуға жіберіледі. Құжаттар 31 наурызға дейін қабылданады.

«Өңірлік кадр резервіне алынған адамдар, сайланатын лауазымдарды қоспағанда, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және оның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша конкурс өткізбей, астананың жергілікті атқарушы органдарында «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Сондай-ақ өңірлік резервке алынған адамның келісімімен оны басқа өңірлерге тағайындауға жол беріледі. Бүгінде елорда әкімдігінің алдында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту міндеттері тұр. Сондай-ақ үлкен қаланың дамуы халықпен өзара іс-қимыл процестерін цифрландыруды, ақпараттық-талдамалық жүйелерді дамытуды талап етеді. Ақпараттық



қауіпсіздікті қамтамасыз ету де маңызды бөлігі болып саналады» деді Нұрлан Нұркенов.

Іріктеу әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, экология, цифрландыру салалық бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

«Қала өмірін жақсартуға белсенді қатысуға дайын жас әрі бастамашыл адамдарды іріктеуге қатысуға шақырамыз» деді спикер.

АНАЛАРҒА – «АЛТЫН АЛҚА»

Астана қаласының Сарыарқа ауданындағы 35 алтын құрсақты ана алтын және күміс алқа иесі атанды.

Аудан әкімі Бауыржан Ералы көпбалалы аналарды арнайы шақырып, мемлекеттік төсбелгіні табыс етті. – Аналар тек өз отбасында ғана емес, қоғамда да алатын орны ерекше. Себебі келер ұрпақтың саналы тәрбие алуын қамтамасыз ететін тұлға ол – ана. Ардақты, аяулы аналар қашан да құрметке лайық. Еліміздің демографиясына қосқан үлестеріңізге алғысымды білдіремін! – деді аудан басшысы.

«Күміс алқа» алқасымен алты баланы, «Алтын алқа» орденімен жеті және одан да көп баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген аналар марапатталды.



ЖАСТАРҒА ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК

1-6 ақпан аралығында «Elorda zhastary» бағдарламасына қатысуға өтінім қабылдау басталды. Астанада тіркеуде 1 жыл тұрған 35 жасқа дейінгі қазақстандықтар bigge.astana.kz порталы арқылы онлайн өтініш бере алады.

Бағдарлама «Отбасы банкі» АҚ арқылы елордада 80 жастың жеке пәтер сатып алуына мүмкіндік береді. Оған мемлекеттік мекеме қызметкерлері, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласында жұмыс істейтін жеке ұйым және әлеуметтік қызметкерлер, ЖОО және ҒЗИ оқытушылары, журнали-

стер, Астана қаласының коммуналдық кәсіпорындары мен мекемелерінің бейінді қызметкерлері қатыса алады. Сондай-ақ аталған бағдарламаға қызмет саласына қарамастан Астанада «Жетім балалар» санаты бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар, полиция және Төтенше жағдайлар департамент-

терінің қызметкерлері енеді.

Порталда қатысуға өтінімді толтыру кезінде таңдалған аймақ өтініш беруші жұмыс істейтін аймақпен сәйкес келуі керек. Қарыздың ең жоғары сомасы – 18 млн теңге, бастапқы жарна – 10 пайыз, қарыз бойынша мөлшерлеме – жылдық 5 пайыз, 25 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

ҚАРҒЫН СУҒА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Елордада су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Мәселен, Сарыарқа ауданының тұрғындарына су тасқыны туралы ақпарат берілді.



Түсіндіру жұмысын аудан әкімдігі мен төтенше жағдайлар департаменті ұйымдастырды. Іс-шараға еріктілер де қатысты.

«Тұрғындар арасында біз үй маңындағы аумақты қардан уақытлы тазарту, мұздан және қоқыстан тазарту, қажет болған жағдайда ағынды суларға жаңа су бұрғыштар жасау қажеттігі туралы түсіндірме парақшалар таратамыз. Онда қарғын судан қауіп төнген жағдайда орындауы керек әрекеттер қамтылады» деді Сарыарқа ауданы әкімінің бас инспекторы Нұржан Сәрсенбаев.

Төтенше жағдайлар департаменті қар еріген кезде су тасқыны бірінші кезекте жеке үйлерге қауіп төндіретінін атап өтті. Сондықтан олардың тұрғындарына маңызды құжаттарды алдын ала жинап, жергөлелерден азық-түлік алып, бағалы заттарды жоғарғы қабаттарға немесе шатырға көшіру ұсынылады.

Айта кетейік, 15 ақпанда Сарыарқа ауданында қыс бойы жауған қарды жаппай күреу және елді мекендердегі арық-науа желісін тазарту басталады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2024 жылғы ақпанның екінші онкүндігінде «Астана қаласының тұрғындарына мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы («Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалдары, iQala, iKOMEK109)» тақырыбына жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-36, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Е.КАНАЛИМОВ,

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ЖАМАН ӘДЕТ ЖҰҚҚЫШ ПА?

Өзбекстандағы шипажайға демалуға барған бұрынғы Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлының қазақтың қыз-келіншектерінің асханадағы әрекетіне қынжылыс танытқан жазбасы әлеуметтік желіде үлкен дүмпу тудырды. «Қанша жесең де жететін мол тамақты демалып жатқан қазақтың келін-кепшіктері елдегі әдеттеріне салып, ас ішіп бола салып пакеттеріне толтыра салып жататыны ұялтады. Асхана қызметкерлерінің «Қазақстанда аштық болып жатыр ма?» деп мысқылдап тұрғандарын бірнеше рет естідім. Барған жерінен немерелеріме деп екі-үш түйір кәмпит алатын әжелеріміз бен шешелеріміздің, жеңгелеріміздің ізбасарлары тым ұсақталып кеткені өкінішті» деп жазды Мұрат Бақтиярұлы.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Қазақстанда асқа барса да, қонаққа келсе де, кетерінде дастарқандағы асты жау талағандай сыпырып-сыпырып алып кететін бір жаман әдет бар. Көгентүгіп қариялар да «бұл ашаршылық кезінен қалған әдет еді, қарнымыз асқа, иіміз киімге жарыса да осы бір дәстүрімізге жат қылық қыр соңымыздан қалмай келеді. Қазір аш жүрген ешкім жоқ. Алайда қазақ әйелдерді отырған дастарқанын талап әдетінің әрекетін қояр емес. Мұндай әрекеттен ұялмайтын еркектер де көбейді. Қонаққа келіп, сый табақтағы жамбасты кеспей, «мынаны немерелеріме апарайыншы» деп үйден ала келген ала дорбасына сүңгітіп жіберетін асқақалды да; нәзірде күлшеге таласып төбелескен келіндерді де көзіміз көріп жүр. «Бұларыңыз не? Дәм татқан дастарқанды талап әкету қай атаңның салтында бар еді?» десек, «сарқыт» алып жатырмыз деп саңқ ете түседі.

Иә, қазақта сарқыт алатын дәстүр бар. Бірақ ол үйдегі балаларының қарнын тойғызу үшін қалыптасқан

дәстүр емес. Сарқыт – қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі. Тойдан, айт мейрамынан ырымдап кәмпит, құрт сияқты дәмнен алып, үлкен кісілер (негізінен, әйелдер) үйдегі балалары мен келіндеріне әкеліп ауыз тигізеді. Сол сияқты үлкен табақтан қалған етті де «сарқыт» деп, оны да жастар үлкен кісілердің жолын, абыройын берсін деп ырым қылып жеген. Бұрын «сарқыт қайтады» деп келіндер үлкендердің табағын әдейі күтіп отыратын. Қазақ салтында сарқыттың ырымдық әрі тәрбиелік дәстүрлік маңызы зор. Демек, «Ол тықыр мен бұл тықыр ұқсамайды», сарқыт алу мен алдыңа жайылған дастарқанды талап әкету мүлде ұқсамайды.

Қазір ешкім аш жүрген жоқ. Кейбіреулер біреудің дастарқанынан алған тамақпен отбасының бір күндік тамағын айырады деп айта алмаймыз. Бұл тек арыдан айтсақ, бәлкім, аштық дәуірден қалған жаман әдет ғана. «Ауру кетсе де әдет кетпейді» дегендей, шетелде жүрсек те тамақты дорбалап жүргеніміз – өне соның көрінісі. Қазақтың ұсақталып бара жатқанының дәлелі.

«ЖАН ПИДА» ЖАН ДҮНИЕМІЗДІ ҚОЗҒАДЫ

Еліміздің өнер өлкесінде дара жолымен танылып, халықаралық, республикалық театр фестивалдерінде үздіктер қатарынан көрінген «Жастар» театрының ұжымы көрерменге жаңа туынды ұсынды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Заңғар жазушы Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына арналған VI халықаралық «Айтматов және театр» фестивалінде гран-при жүлдесіне ие болған Ш.Айтматовтың «Жан пиди», «Жан азабы», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Ақ кеме», О.Бөкейдің «Жетім бота», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармалары негізінде қойылған «Жан пиди» трагедиясының премьерасы 31 қаңтарда сахналанды. Залда ине шаншар орын болмады, премьерана аншлаптен өтті. Спектакльдің қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай.

Әдебиет әлемінің үш бірдей суреткері туындысындағы тамыры үзілмес ортақ тінді режиссер осы ой биігінде сараптайды. Рухани құлдырау мен қағынан жеріген мәңгірттердің әрқилы әрекетін, ұрпақ сабақтастығын сақтап қалу мен сол алтын көптің үзілмеуі мәселесін



ортаға салады. Табиғат пен адам баласы арасындағы күрделі қарым-қатынасты биік адамгершілік деңгейге көтеріп, оның мәңгілік ажырамас байланысына философиялық астармен қарауға үндейді.

Спектакльде ең басты рөлдің бірі бұғы-ананы сомдаған актриса Айнұр Рахипова мәңгірттің анасының азабын ғана емес, Жер-ананың ащы

азабын, бар ауыртпалығын, қайғы-қасіретін көрсетті, көрерменге көп ой салды.

Бірнеше шедевр шығармадан бір үздік қойылым жасаған режиссердің еңбегі – қол соғардай тамаша туынды, философияға толы еңбек. Тек спектакль уақытының тым созылып кетуі аз ойды, қысқа уақытта саз етіп жеткізу қажетін айтар едік. Үш сағатқа жуық

жанымызды шүберекке түйіп, қылбұраудай қысымға алған ұлы өнер, саңлақ өнер жаңа ұрпақпен әрі қарай жасай берсін деген келеді.

– Адамзатта, мейлі ол православ болсын, ислам дінін ұстансын, католик я басқа болсын, Аллаға сенім, үміт, шындық біреу ғана. Осы премьерда бірнеше шығарма тұтас бір симфониялық дүние болып көрерменге жетті деп ойлаймын. Шыңғыс Айтматов – сүйікті жазушым, барлық шығармасын білемін, әрқайсысын жеке-жеке сахнада қойғанмын. Осы жолы атақты жазушының бірнеше шығармасын бір сахнада қоюды жөн санадым, айтар ойды спектакльде ойнаған әртістер – шәкірттерім түсінді деп есептеймін, – дейді режиссер Нұрқанат Жақыпбай.

– Шығармада әрқилы тағдыр, әртүрлі қимыл болғанмен, айтар ойы біреу ғана, ол – адам үшін ең қиыны – күнде адам болып өмір сүру, туған жерге сүйіспеншілік, мәңгірттенген ұрпақ мәселесі. Ш.Айтматов айтқан оларды қазіргі «Z» буын шындығымен жалғастыра отырып суреттейді, – дейді Едіге рөлін сомдаған әртіс, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әділ Ахметов.



РУХ ПЕН ТІЛ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Астана қаласының әкімдігі Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы «Тіл шаңырағы» әдеби үйірімесінің жетекшісі Маржан Пірімбетованың ұйымдастыруымен кезекті іс-шара өтті.

Аталмыш игі іс-шара танымал ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналды. «Тіл мен рух» атты әдеби-танымдық, композициялық-музыкалық кешке қаланың мектеп оқушылары мен аудандық ардагерлер ұйымының өкілдері қатысты.

Кеш орталықта қазақ тілін үйренуші өзге ұлт өкілдерінің белсене қатысуымен басталып, сахналық көрініске ұласты. Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған әндер шырқалып, автордың жырлары жатқа оқылды. Ақынның «Төрт ана» өлеңін орталықта қызмет алушы зейнеткерлер мәнәрлеп оқып, тыңдармандарға ұмытылмас әсер сыйлады. Патриоттық мазмұнға ие әсерлі кеш соңында автордың «Тіл мен рух» әні шырқалып, шаттыққа, отаншылдық рухқа бөледі.

Кеш барысында ата рөлін зейнеткер Еркін Наурызбаев, немере бейнесін Астана қаласы №53 орта мектептің

5-сынып оқушысы Елтай Кемел, атасының немере қызы рөлін Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия оқушысы Әмина Сержанқызы сомдады. Кешке Евгения Феликсовна, Любовь Леонтьевна және Роза Калбайқызы үлес қосты. «Туған жерге оралу» өлеңін Гүлнәр Абуова орындады. «Төрт ана» өлеңін жатқа айтқан қызмет алушылар – «Тіл шаңырағы» әдеби үйірімесінің белсенді мүшелері Ақбөпе Салахаддинқызы, Гүлбаршын Мұхамедқалиқызы, Бақытгүл Аханқызы, Камила Омарбекқызы. Сондай-ақ кешке Балта Әубәкіров атсалысып, автордың ғажап дүниесінің бірі «Ғайша жеңгей» поэмасын үйірме мүшесі, көркем сөз шебері, танымал талғамы үйлескен зейнеткер Зейнеп Мүсілімова оқыды. Майдангер рөлінде Мешітбай Қалиев көрінді. Ал оның жұбайы бейнесін Алма Мажимова орындады.

Бахыт БАЙМАНОВА,
Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының маманы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШУАҒЫ

Кеше Астана қаласының Білім басқармасы мен №1 Балалар музыка мектебінің ұйымдастыруымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар жас музыканттардың III қалалық «Шуақ» вокалды-аспаптық байқауы өтті.



Байқаудың мақсат-міндеті – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың вокалды-аспаптық орындаушылыққа қызығушылығын дамыту, шығармашылық әлеуетін ашу, ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында вокалды және аспаптық өнерді танымал ету және насихаттау, балалардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.

Жеке орындаушылар арасында байқау кіші, орта,

жоғары топтарға бөлінді. Атап айтқанда, 7-9 жас, 10-11 жас, 12-13 жас, 14-15 жас. Әр орындаушы бір шығармадан орындады.

Байқауға №2 арнайы мектеп басшысы, оқу орталығының сараптамалық комиссия мүшесі, педагог-зерттеуші Құралай Қожамқұлова, №1 арнайы мектептің музыка пәні мұғалімі, педагог-сарапшы Айман Ибраева, №3 арнайы мектебінің музыка пәні мұғалімі, педагог-модератор Сәтжол Канибал қазылық етті.

БОЗ КІЛЕМДЕ – БАЛУАНДАР

Елордада грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан чемпионаты басталды. Жақсылық Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында жалауын көтерген байрақты бәсекеге еліміздің 20 өңірінен 600 балуан бағын сынауға келді.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Чемпионаттың ашылу салтанатына КСРО және Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Азия күрес федерациясы және

Қазақстан грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті, Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Тұрлыханов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

«Биылғы чемпионат өте тарысты болатыны сөзсіз. Өйткені

биыл Парижде жазғы Олимпиада ойындары өтеді. Сондықтан осы жарыста Қазақстанның намысын қорғауға мүмкіндік алатын, Қырғызстанда және Түркияда өтетін лицензиялық турнирлерде күресетін балуандардың есімі белгілі болады. Балуандар мен бапкерлерге сәттілік тілеймін!» деді Дәулет Тұрлыханов.

Жарыстың алғашқы күнінде грек-рим шеберлері 55, 63, 72, 82 және Олимпиада бағдарламасына кіретін 97 келі салмақта жүлделерді сарапқа салды.

Астана қаласы сапынан 55 келіде белдескен Айбек Айтбеков жартылай финалда көпшілікті таңғалдырып, басты фавориттің бірі Аманғали Бекболатовтан айласын асырып кетті. Алайда финалда Жетісу облысының спортшысы Нұрзат Қабырахимовқа есе жіберіп, күміс жүлдегер атанды.

Кеше грек-рим күресінің басқа салмақтағы белдесулері өтті. Бүгін әйелдер күресі өтсе, 4-5 ақпан күндері еркін күрестен жүлдегер белгілі болады.

